

Социалистік Қазақстан 1975 ж.

1. Мектеп құрылысына қарқын керек (Необходимо скорейшее строительство школ),
8 января



МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРҚЫН КЕРЕК

Елімізде тәрбие және білім беру қажетіне байланысты кезіндегі мектеп пен мәдени-ағарту мекемелерін салудың кең программасы жүзеге асырылуда. Қазіргі аймағы тиістік жобалармен сәулетті мектеп үйлерінің қатары барған сайын көбейіп келеді. Олардың жанында шеберханалар, оқу кабинеттері мен лабораториялар жұмыс істейді. Мұның мысалы Гурьев қаласындағы мектептердің өмірінен көруге болады.

Төртінші басжылдық басталғалы Гурьевте арқасы 984 оқушылық 5 мектеп үйі салынып, пайдалануға берілді. Бірсыпыра мектептер жосымына құрылыстардың есебінен кешіктірілді. Оқу алаңдарын жоспарлы түрде ұлғайтудың нәтижесінде орта мектептердің саны көбейіп, олардың материалдық базасы нығай түсті. Бірқатар шағын мектептер іріленіріліп, орта мектептер ұйымдастырылды. Оқу алаңдары кеңейту жөнінде жүргізілген шаралар нәтижесінде бірнеше сменалық мектептердің құрылысы қысқартылып, класс пен мектептен тыс тәрбие және жұмыс орындары жақсартуға жағдай туғызуға көптеген мектептерде оқу кабинеттік жүйесі енгізілді. Ал мұның өзі бүкіл оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға ықпал жасап отыр.

Мұнымен бірге, мектеп құрылысын сөз өткенде, бұл салада елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығын да айтып келеміз. Басты кемшіліктің бірі — құрылыс объектілері мерзімінде іске қосылмайды. Ал, салынған мектеп үйін оқу жылы басталғаннан кейін пайдалануға берудің қиындығын қиындық келтіретіні белгілі жай. Мәселен, бытыржақ орта мектеп пайдалануға берілді. Бұл мектепке Киров атындағы және №12, 13 орта мектептердің оқушыларының бір тобы ауыстырылуы тиіс еді. Мектеп үйі оқу жылы басталып кеткенде іске қосылғандықтан мұғалімдер бөлуге тура келді. Оның үстіне мектептің жылдығы жүзеге асырылмай, мұның өзі бірқатар мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан заңды реніш туғызды.

1972 жылы екінші тоқсан-поселкесіндегі №19 орта мектеп пайдаланылуға берілгенде де осындай жағдай болған еді. Осы орайда айта кететін тағы бір жай — құрылыс-монтаж жұмысының сапасы нашар. Гагарин атындағы орта мектепте монтаждау жұмысының нашарлығынан жылыту жүйесі көптеген жерлерде іске қосылмай кетті. Осындай олқылықтардың салдарынан педагогикалық коллективтер өздері белгілеген жоспарын қайтадан қарауға мәжбүр болады.

Мектеп пен мектеп жанына дейінгі балалар мекемелерінің құрылысын салумен «Гурьевнефтехимстрой» трестінің №1 құрылыс-монтаж бастқармасының коллективі айналысады. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің орын алуы, ең алдымен, осы бастқарманың жұмысына тікелей байланысты. Биылғы оқу жылының басталуына дейін №19 орта мектептің жанынан 694 оқушы алынған қосымша оқу корпусы салынып, пайдалануға берілуді тиіс болатын. Алайда, бұл құрылыстың қашан біткені белгісіз.

Орайы келгенде айта кету керек, еңбекшілер депутаттары қалалық Советті атқару комитетінің күрделі құрылыс бөлімі құрылыстың қажетті құрал-жабдықтармен дер кезінде қамтамасыз ете алмай келеді. Бөлім жобалау-сметалық документтерді жасақтау кезінде салалық жасақтау ісінде жетілікке жол беріп отырғандығы да жасырын емес.

Мектеп құрылысын жүргізуде бірсыпыра иті қаламдар жасала тұрса да, материалдық базаның қазіргі жайы жаңа оқу программа-сының талаптарына әлі де тағдырлы келмейді. Сабақтардың бірнеше сменалық жүргізілуі қойылған жөндөмінен кейін мектептердегі істің жайы дабыл қағарлық. Олардың бірде-бірін дербес оқу корпусы жоқ. Бұл күндізгі мектептердің жұмысына қосымша қиындықтар туғызып отыр.

Базалық кәсіпорындар — мұнай өңдеу және химия заводтары, Петровский атындағы машина жасау және Гурьев автомобиль жөндеу заводтары аталған мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту мәселесін назардан тыс қалдырған. Сайып келгенде, мектеп құрылысына көбірек назар аударылып, осы маңызды істе орын алып келген елеулі кемшіліктерді жоюдың пәрменді шарасын алу құрылыс ұйымдарының және басқа да мүдделі органдардың басты парызы деп білеміз.

Ф. ДОСЫМОВА,
Гурьев қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі.

2. Үш қыз тапты (Родила трех девочек), 9 февраля

СССР

СОЦИАЛИСТИК

ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІН ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 34 (14997) ● ЖЕКСЕНБІ, 9 ФЕВРАЛЬ, 1973 ЖЫЛ. ● Дүрбелінен бастап күнделік екі сәйбат шығады. ● Бағасы 2 теңге.

Әкелерге

Әке!
Кеудеме шабыт отын жағар болсам,
Жақсы жыр, жұрт ұнатқан жаңа ән болсам.
Ақ қарлы асу тұрса, соған барсам,
Ақтаған ана сүтін адам болсам.
Тыңдасам бұлбұл үшін қырға барып,
Тілдесем тауларменен тұрған алып.
Жүгірсем болашаққа сағынышпен,
Қанатын келе жатқан нұрға малып.
Даламның дарқандығын сүйіп өссем,
Шығармай бабалардың күйін естен,
Өртенсем махаббаттың отыменен,
Мазасыз маздар сәтті жиі кешсем.
Әркімнен өнер күткен, өлең күткен,
Іздемес ел бізді де төмендіктен.
Биіксің, егерде біз биік тұрсақ,
Себебі — биік тұру сенен біткен.


Жолдарынан өмірдің не көрмедің,
Тебірендің, терледің, тек өрледің.
Ойлар кештің, от кештің кезі келсе,
Теңселмедің, сен қайта тереңдедің.
Қаншама рет қолыңнан көгерді егін,
Қаншама рет шаттыққа бөленді елім.

Таң қалдырып тарихқа жазылдыңдар,
Ақындар да арнады өлеңдерін.

Ақ самайлы ардақтым, айналайын!
Жапырақты ағаштай жайна дәйім.
Қанат бердің талмайтын, қарап тұршы,
Шарықтағанын, осайын, ойланайын.
Қиналайын, қиялы қырды асайын,
Жүрегімнің жылуын жыр жасайын.
Адам үшін арқалап ауыр міндет,
Ашылмаған тұңғық сырды ашайын.
Егін егін, екпіндеп балға ұрайын,
Білегімді еңбекпен талдырайын.
Құрметтелер ісіммен күллі әлемге,
Құдіретті үн болып жаңғырайын.

Білгін, біздің қолдардан гүл өсерін,
Бақыт үшін өзіңдей күресемін.
Сен баспаған жерлерге жетемін де,
Сен сүйген ұлы көшке ілесемін.
Арындап алға осылай аттанамын,
Жарқырап тұру үшін шат заманым.
Бола алсам қуанарың, мақтанарың,
Ерлерше ел сенімін ақтағаным.

Батық МӘЖИТҰЛЫ.



ШЫМҚЕНТ ОБЛЫСЫ. Ленгір ауданына қарасты «Совет» колхозының аға шопаны Р. Оразқұловтың семьясы үлкен қуанышқа кенелді. Оның зайыбы Алуа жуырда үш қыз тапты. Сәбилерге Нұрсұлу, Айсұлу, Күнсұлу деп ат қойылды.

Қазір бұл семьяда он бала бар. Жас босанған анаға және жас сәбилерге мемлекет тарапынан жан-жақты қамқорлық жасалуда. Олардың денсаулығы жақсы. Көңіл-күйлері көтеріңкі.

СУРЕТТЕ: ана мен сәбилер.
Суретті түсірген М. Дәулетбаев.

3. Үлкен семьяның үлгісі (Пример большой семьи), 11 февраль

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІң ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРЛІКТЕСІЗ!



СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІң ОРҒАНЫ

№ 35 (14998). ● СЕЙСЕНБІ, 11 ФЕВРАЛЬ, 1976 ЖЫЛ. ● Дүрбейлеміне болса күнделікті ● Үш саусақ шығарса. ● Бағасы 2 тиын.

ӨНЕГЕ ӨРІСІ

Үлкен семьяның үлгісі

Смақ Кенішбаев Совет Армиясы қатарында жиырма бес жыл, оның ішінде аудандық әскери комиссары болып жиырма жыл қызмет істеді. Ұлы Отан соғысының ардагері ел басына күн туған 1941 жылдың сұрапыл кездерінде Тула бағытындағы ұрыстарға қатысты. Жас офицер взвод командирі ерекше ерлік көрсетті. Жауға қарсы кескілескен ұрыстарға қатысты. Отаны, халқы үшін қалтқысыз қызмет атқарып, көрсеткен ержүректігі үшін жауынгерлік наградалармен наградталды. Оның омырауында Ұлы Отан соғысының Бірінші дәрежелі және екі Қызыл Жұлдыз ордендері, жеті медаль жарқырайды.

Ол қазір пенсияда. Үлкен семьяның шаңырақ иесі. Он баланың әкесі, үлгілі тәрбиеші. Әрине, әңгіме баланың санында емес, тәрбие нәтижесінде. Смақ өзі қандай биязы, мәдениетті болса, өз балаларын да сондай мәдениеттілікке, өзара сыйластыққа, бауырмалдыққа, үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлауға үйретеді.

Үлкен семьяның үлгілі тәрбиешісі: «Ынтымақ түбі — игілік, тірлік түбі — бірлік» деген халық даналығын есте

сақтап, өзінің үлкен семьясын бірлікке, ынтымақтыққа еңбек сүйіштікке тәрбиелеп, парасатты адам болуларына көмектесіп, семья абыройын жоғары ұстауға баулуға. Смақ өз балаларын жақсылыққа жақ болуға, жамандықтан аулақ болуға үйретуден жалықпайды.

Оның үлкен ұлы Болат он жылдықты бітіргеннен кейін есеп-кредит техникумын бітіріп, өзінің мамандығы бойынша Алматыда қызмет істеп, халық шаруашылығы институтында сырттай оқиды. Екінші ұлы — Марат «Никитинка» совхозының таңдаулы шоферлерінің бірі, оның да орта білімі бар, екеуі де үйлі-баранды. Қызы — Светлана жоғары оқу орнында оқиды. Қалғандары мектеп оқушылары, оқу озаттары.

Үлкен семьяның осындай бірлігіне, татулығына, ынтымақтығына қызығасың, қуанасың, риза боласың. Олардан өзгелер үлгі алуда. «Никитинка» селосының тұрғыны — Кенішбаевтардың үлкен семьясындағы үлгілі тәрбие осындай. Үлкен семья үлкен бақыт құшағында.

С. МҰҚАНОВ.

Шығыс Қазақстан облысы,
Ұлан ауданы.

4. Әйел – ана, әйел – еңбеккер (Женщина – мать, женщина - труженица), 8 марта



5. Үш ұл тапты (Родила трех мальчиков), 1 апреля



Үш ұл тапты

Вишнево селосындағы үй шаруасындағы Лема Калоева үш ұл тапты.

Бөбектер өздерін өте жақсы сезінеді. Олар Руслан, Герейхан, Есенгерей деген есімдерге ие болды. Олардың шешесі де оңалып келеді. Ал, оның жұбайы Зікірия Мырзабеков аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімінде шофер болып істейді. Семейсында бұрын бір қыз, екі ұлы бар болатын.

Ж. НҰРҚАНОВ,

«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.
Целиноград облысы.

7. Әйелдер – өндірісте үлкен күш (Женщины – большая сила на производстве), 20 июня

СССР
Социалистік ҚАЗАҚСТАН
 БАҒЫШ СӨЗДЕРІН ПРОДУКТАРЫ БЕРТЕЛЕР?
 № 143 (5000)
 ЖУМА,
 20
 ИЮНЬ
 1975 ЖЫЛ
 ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
 ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ
 13-ЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
 17 ДЕКАБРЬДЕН
 ШЫҒАДЫ.

ӘЙЕЛ-АНА, ӘЙЕЛ-ЕҢБЕККЕР
**ӘЙЕЛДЕР –
 ӨНДІРИСТЕ ҮЛКЕН КҮШ**



Коммунистік партия мен үкіметіміздің өкілік қамқорлығы арқасында халық шаруашылығының барлық саласында әйелдердің ерлермен бірдей есепке өтіп келе жатқанын мақтан етеміз. Қазір еліміздегі көптеген әйелдер — мемлекет және қоғам қайраткері, абыройлы еңбеккер, тамаша тәрбиеші, қадірлі ана!

Біздің ауданда да әйелдер өндірісте белсене еңбек етуде. Олар аудан шаруашылықтарының бесжылдықтың айқындаушы жылының мемлекеттік жоспарын табысты аяқтап, енді қорытындылаушы жылдың міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындап шығуына ат салысуда. Қазір еңбекке тартылып отырған әйелдердің саны 4749-дан өседі.

Соңғы төрт жыл бойы аудан шаруашылықтары мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін тапсырудың жоспарын артығымен орындап келеді. Әр жүз төлдейтін малдан 116 қозы, 76 бұазу, 96 құлын алынып отырды. Осы бесжылдықтың ішінде мәдени объектілер мен тұрғын үй салуда да елеулі

жұмыстар істелінді. Былтыр «Чапаяв», «Забурыйн», «Новобогат» совхоздары мен оның елді мекендері түгелдей жоғары кернеулі электр жүйесіне қосылды. Міне, соның бәрінде де әйелдер белсенді роль атқарды. Әсіресе, шопандар — Н. Сұлтанғалиева, А. Уахитова, Еңбек Қызыл Ту орденді жылқышы Ш. Шұғайпов, озаг сауыншылар Қ. Қуанбаева, А. Теленова, облыстық партия комитетінің мүшесі Н. Қазбаева, өгіншілер Еңбек Қызыл Ту орденді С. Садықова, М. Есімова, Оғай Ной, Пек Сун—Ок және тағы басқалардың еңбегі ел сүйсінерліктей болды.

Бұлардың ішінен коммунист Хатима Дайырованы айрықша атау керек. Ол 20 жылға жуық уақыт мал шаруашылығында жеңісті жұмыс істеп келеді. Қазір «Чапаяв» совхозының № 2 фермасын басқарады. Х. Дайырова КПСС XXIII — съезіне делегат болып қатысты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, жергілікті Советтің

депутаты. Хатима басқаратын ферма 1974 жылы әр жүз саулықтан 123-тен қозы алып, малды түгел аман сақтаған еді. Ал, үстіміздегі жылы әр жүз саулыққа 125 қозыдан айналдырды.

Ауданда мал шаруашылығында барлығы жеті жүзге жуық әйел істейді. Соның бәрі де алдыңғы шептен көрінуде, социалистік жарыстың озағы атануда. Сондай-ақ халықартау, медицина, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету орындарында жұмыс жасайтындардың 72 проценті әйелдер. Мысалы, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, «Октябрь» Революциясы» орденді Б. Хисемденова, «СССР халықартау ісінің озағы» значогімен наградталған А. Шакировалар жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берумен бірге үлгілі семьяның ұйғысы да бола білуде.

Жалпы ауданда әйелдер араласпайтын бірде-бір жұмыстың саласы жоқ. Тіпті 10—13 бала тәрбиелеп, Ардақты ана атанған Ж. Отарова, Д. Кенжеғалиева, Б. Сырлыбаева,

А. Оразалиевалар да қара отырмайды, қоғамдық жұмыстар атқарады.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас 1967 жылғы ноябрьде Кремльдің Сыздар сарайында КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің және РСФСР Жоғарғы Советінің бірлескен салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасында: «Біздің совет әйелдері — еңбеккер әйелдер, ана — әйелдер, қайарман әйелдер ең зор құрмет көрсетуге өбден лайық, — деп атап көрсеткен болатын. Шынында да совет халқының барлық есепі табыстарында ана-апаларымыздың, қыздарымыз бен келіншектеріміздің зор үлесі бар. Сондай сый-құрметке біздің ауданның әйелдері де өбден лайық.

КПСС Орталық Комитетінің партияға, совет халқына үндеуіне жауап ретінде ауданның әйелдері тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға, мол үлес қосып келеді. Олар 1975 жыл — бүкіл планетамызда әйелдер жылы болып аталуын зор қуанышпен қарсы алып, қоғамдық өмірге, Отанымыздың игілігі жолындағы жасампаз еңбекке бұрынғыдан да белсене қатысуда.

З. БАҚТЫҒАЛИЕВА.
 Махамбет аудандық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары, Гүрзе облысы.

8. Біздің сүйікті дәрігер (Наш любимый доктор), 20 июня

БАРЛЫҚ БАДРЕТІ АНЖАРАЛАРЫ БІРГЕЛІК

№ 143 (5100)

ЖУМА,
20
ИЮНЬ
1975 ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАЗАҚ СӨР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

13 АЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒАДЫ.

Ақ желеңді абзал жандар

Біздің сүйікті дәрігер

— Хирург Екпін операцияға өзденуде, бүгін оның қолы босамайды, — деді маған өзімнен бірге еңбек ететін жас хирург жігіт. Сол күні ол менің көршім алыпстағы ана Б. Иманжановаға операция жасалды. Операцияға ол кісім бергенімнен, бір бүйректің бүлінгенін білген Екпін бірден оны алдырып тастау қажет екенін айтқан. Жасы ұлғайған адамға бұл операция оңай емес. Хирургтің сеніммен айтып тұрғанын жүрегімен сезген қарт ана «бір өзіңе сендім, қарағым» деп келісім берген еді. Ол сенімнен шыға білді. Ауыр операциядан кейін ана көзін ашты. Жан-жағына қараса бағана өзін қоршап тұрған ақ желеңділер жоқ. Тек жанында сестра қыз отыр. Өз-өзіне сенбеген ол: — Екпін қайда, қарағым? — деді.

— Хирург палаталарда жүрген болар, шақырып келің бе? — деді қыз қарт анаға жақынлай түсіп. Осы сәтте бөлмеге Екпін күлімдеп кіріп келді. Жастықтан басын көтерісі келіп, ұмтылуға ыңғайланған ананың қос жанарынан қуаныштан мөлдіреген тамшылар тамып кетті.

Сол апайды мен күн сайын көріп жүремін. Ол жолыққан сайын Екпінді ауызға алып, «осындай жылы жүректі жандарға рақметтен басқа не айтуға болалы, аман болсын!» — деп тілектес болып жүргені.

Талай сырқат адамға өмір сыйлаған Екпін Ақышевті № 2 қалалық-клиникалық аурухананың екінші урология бөліміндегілердің үлкенішісі жақсы біледі, оның қарапайымдығы мен еңбек

сүйістігін қадірлеп, құрмет тұтады. Мұндай қолы шипалы жанның есімі еңбекке қайтып оралған жүздеген адамдардың есінде. Олар әр мереке сайын сүйікті дәрігері Екпінді еске алып, шын жүректен жылы сөз айтып, құттықтауды естен шығармайды.

«Құрметті Екпін Рахатұлы! Сізге айтар алғысымды сөзбен айтып жеткізе алар емеспін. Менің өмірге қайтып оралуыма себепші болған тек өзіңіз. Бір емес екінші рет күрделі операция жасалды ғой. Бүкіл семьямының атынан мың мәрте алғысымды қабыл алғайсыз В. М. Сервидова, Алматы трамвай паркінің жүргізушісі».

Мен шын жүректен шыққан алғысты осы бөлімдегі арнаулы кітапшадан жазып алдым. Кітапшадан профессор Е. Егенов, бөлім меңгерушісі Ж. Токсанбаев, доцент Б. Жарбосынов тағы басқа хирургтер мен кутуші сестраларға айтқан алғыстарды кездестіруге болады.

Уақыт шіркін жылдам-ақ қой. Алғаш ақ желең киіп ауруларды аралағанда жасқана жүруші еді. Енді міне, есептеп көрсек, бүйрек пен қулықтан ауырған екі жүзден астам адамға операция жасапты. Солардың бәрінің есен-сау еңбекке қайтып оралғанына Екпін қуанышты. Сол үшін бақыттымын деп санайды өзін.

„1956 жыл. Ол Алматыдағы № 12 орта мектепті бітіргелі жүрген. Емтихан қарсаңында медицина институтының бір топ ұстаздарымен кездесу өтті. Ақ басты профессорлар мен ұстаздар мектеп бітірушілерге медицина ғылымының жаңалықтарын айтты. Адам жанының аралас дәрігер қызметінің қастерлі екені әр қайсысының сөзінен айқын сезілді. Міне, осы күннен бастап Екпіннің мамандық таңдап, қобалжып жүрген жүрегі енді «дәрігер болсам» деп соға бастады.

Алматы мемлекеттік медицина институтын ойдағыдай бітіріп шыққаннан кейін Екпін Ақышев дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында оқып, өз мамандығын шыңдай түсті. Бұдан соң Москвада болып белгілі уролог, атақты профессор Ю. Пытельден дәріс алып, оның жасаған операцияларынан көп тәжірибе жинақтап қайтты. Өз мамандығын әр уақытта шыңдап, үнемі іздену үстінде жүретін Е. Ақышев қоң етті жігітмен сөгіп жол ашу арқылы бүйрекке операция жасауды практикада кеңінен қолдануда. Сондай-ақ бүйректің жиналған тастарды электронды «Ураталин» аппараты арқылы операциясыз емдеу жолдарын, оның жұмысын тексеру сияқты ғылымның соңғы жаңалықтарын жақсы меңгеріп келеді.

Ал, Екпіннің зайыбы, медицина ғылымының кандидаты Л. Қожамуратованың еңбек жолы да адамдар алғысымен нұрланған. Ол, әсіресе, сәбилердің ең сүйікті дәрігері.

„Жанға рахат жаздың тағы бір жайдары таңы атып келеді. Ерлі-зайыпты ақ желеңді абзал жандар жұп жазбай қызметке кетіп барады.

Әнуар ЖАПАРОВ,
АЛМАТЫ.

9. Қыздар қайраты (Женская сила), 16 августа

СССР

Социалистік ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫҒАДЫ.

№ 190 (15153) ● СЕНБІ, 16 АВГУСТ, 1975 ЖЫЛ, ● ДУСЕНБІГЕН БАСҚА КҮНДЕРІ КҮН САҒЫН ШЫҒАДЫ. ● Бағасы 2 тиын.

жөніндегі бастамасын қызу қолдап, бір кісідей жұмыла

ҚЫЗДАР ҚАЙРАТЫ

Фоторепортаж

Шілденің алтыншында шаруаның жұмысы жоқ. Ермендей тесін алақанын қырымен ысырып тастаған мезанзавто алаңнан кез алмай орманға сек отыр.

— Мынау көрінген, — деп Лекін атындағы ферма мезанзавто тракторы Калмағамбетов, — соғаздың таңдаулы механизаторларының бірі Отан биіктігіне арнапты. Ол Калмен қойнауындағы жинағыла тоғайлықтың шөбін шабуға үнділік тапсырмасын артығымен орындап, тауір көрсеткіштерді өшілген жүр.

Эр-азыр көкпен шалғылар шөпті баудай түсіріп, үзел барды. Машинаның руліне отырған мезанник қадр-будыр шоқалы жерде баяу жүріспен арағы алашқай түскен тракторға жете алмасын көзі жеткен соқ, белгі беруге мәжбүр болды.

Автомашинаның даланың сурлеу жолына түсіп, екпінін бірте-бірте арттыра берді. Алыстан көгілдір сағымға көміліп анадан төбесі көрінген тракторға әл-сатте жетіп келді. Қабинада отырған дөңгелек жүзді, қарағары көз тракторының секіріп түсіп, бізге қарақ беттегенде, ақ ұлы шөпке төбесіне көтеріп, тіркеме толы шөпті қыстаққа қарай келе қашқан жүздек «МТЗ-50» дауыс шығарып, «пе-пе-летіте» қойды.

— Анау Шайза ғой. Шөп тиешу мені күтіп, бос тұрып қалатын болды-ау, — деп Гүлфира (1-сурет) асыға түсті.

Ылғиға қарап тұрған трактордың донғалқтары баяу қозғалыса екіп, дүр ете қалды. Бұл кезде қорыбына сықпата шөп тиетген трактор тіркемесі ірісі-ірісі «Кубілей» қыстағындағы үйіген пішеннің қасына тоқтап та үлгерген. Бірте-бірте тіркеме жоғары көтеріле берді, көтеріле берді. Осы сәт көкпенбөк шөптен кез алмай тұрған қыз кеудесінің толқуын, жанарынан бір ұшқынды Байқауға болар өді.

— Шайза, мамандығыңа ризасың ба?

— Әрине, өзір өкпем жоқ. Болуы да мүмкін емес қой — деп жая жұмылып қойды.

— Бүгінгі тапсырманың орындалатын түрі бар ма!

— Қас қарайғанша әлі біраз уақыт бар емес пе! Күніңе оң қатынауым керек болса, мынау жетіншісі...

Ферма басқарушысы Өтеген Тұрмағамбетов жолдас шөп тасуда жүрген тракторшы қыздардың қарқынды еңбектерін мақтай отырып, «булар біздің қарлығаштарымыз қойа дегенді. Біз сол қарлығаштардың жемісті істерінің қуасы болып тұрмыз.

Өткен жылы мезанзавторлық курсы бітірген Шайза Жиенбаеваға (2-сурет) ауылдастары зор құрмет көрсетіп, аудандық Советке депутат етіп сайлады. Оның құрбылары Гүлфира Мұқашева мен Убайда Сермағамбетова шөп тасуды тапсырмаларын 120—150 процентке дейін орындайды. Біз Убайдаға (3-суретте) фермаға кіре берісте ушырастық. Тіркемесінің пошпинігі ағып кетіп, жанасын алып келе жатқан беті өкпен Асығулы. Еңкіме үстінде бүірі бүлк-бүлк етіп соғып тұрған тракторына қарай берді.

— Кешіріңіздер, бос тұрға болмас, — деп өтініш білдірді. Қыздардың бар қайраты ауылдың ете қолайсыз жылқы ферма бойынша 40 мың центнерге жуық жемішөп дайындауға жұмылған. Олардың сыры да, жыры да осы айдың дәлдегі қойнаған еңбек ортасында жазылып жатқандай.


С. ҚҰДАБАЕВ,
Ж. СЕПІЗБАЕВ.

Ақтабе облысы,
Оқтөбе ауданы,
Ильич атындағы совхоз.



ПІШЕН МОН...

12. Газет, журнал – әр семья сырласы (Газеты и журналы – в каждую семью), 16 ноября



13. Ана лебізі (Приветствие матери), 5 декабрь



АНА ЛЕБІЗІ

Біздің «Жаңаталап» ауылы ел игілігі үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндіріп отырған «Азаттылық» колхозының бір бөлімшесі.

Ауылымыздың ақсақалы, ең қадірменді қарт кісі Серікбай Жанқарашев ағамыздың айтуына қарағанда бұл ауыл «Жаңаталап» атанып, сонау отызыншы жылдары ұйымдасқан екен. Бір кезде қабырғасы қисайған жатаған үйлерден тұратын бұл ауыл қазіргі күндері еңселі, ақ шатырлы, әсем үйлерімен көз тартады. Ал, осы бір шағын ауылдың өзінен ғана осы кезге дейін жүздеген жас түлектер қанат қағып ұшып, халық шаруашылығының алуан саласында жемісті еңбек етіп жүр. Олардың жиырмаға жуығы ғылым докторы, кандидаты деген атаққа ие болып отыр.

Аға жолын қуған жастар да еңбек пен оқуға құштар. Көптеген жастар өндірісте еңбек етсе, олардың біразы білім жолында ізденуде. Мұның бәрі жалпыға бірдей тең право берген советтік әділ заңның жемісі дер едім.

Ұ. ӨСКЕНБАЕВА,
Жаңаталап сегіз жылдық мектебінің мұғалімі, ардақты ана.

Шымкент облысы,
Түлкібас ауданы.

